«Бекітемін»

Мектеп директоры м.у.а: К.Мустафаева

«№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қамқоршылық кеңесінің бекітілген құрамы 2023-2024 оқу жылы.

| № | Аты-жөні | Қамқоршылық кеңес мүшесінің жұмыс орны |
|---|---|---|
| 1 | Б.Мархабай | Біртілек а\о «Жастар» ісі бойынша бас маман |
| 2 | Ж.Смаилов | Ауыл биі |
| 3 | Т.Қоштаев | Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ. Полиция майоры |
| 4 | Н.Артыков | Келес аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы |
| 5 | Ж.Оразбаева | Мектеп мұғалімі (математика пән мұғалімі) |
| 6 | К.Селтаев | Жеке кәсіпкер |
| 7 | З.Смаилов | Жеке кәсіпкер |
| 8 | Н.Тагабаев | Жеке кәсіпкер |
| 9 | Ж.Усманов | Жеке кәсіпкер |
| 10 | Ф.Тажиева | Хатшы |

«Бекітемін»

Мектеп директоры м.у.а: К.Мустафаева

# Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары

2023-2024 оқу жылы

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектепте «Қамқорлық» кеңесін құру, мүшелерін сайлау, жоспарын бекіту Жалпыға міндетті білім беру қорынан бөлінген қаржыны бөлу | Тамыз | ЖМБҚ жауапты орынбасар,Бас есепші, Әлеуметтік педагог |
| 2 | Мөлтек аудан бойынша әлеуметтік қамқорлыққа алынатын оқушылардың тізімін сынып жетекшілермен бірлесе анықтау және әлеуметтік диагностика жасау: тұл жетім, жартылай жетім, көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасы балалары. | Қыркүйек | Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог |
| 3 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды, аз қамтамасыз етілген отбасыжәне көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету. | Қыркүйек | Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер Кітапхана қызметкері |
| 4 | Мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілермен бірлесе ҚР « Бала құқығы туралы халықаралық конвенцияны және ҚР « Неке және отбасы Заңын» талқылау | Қазан | Әлеуметтік педагог Кеңес құрамы |
| 5 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың үйлеріне тұрғын жай актісін жүргіз, атында мүлкі бар немесе жоқтығын, оның сақталуын анықтау.<br>Аз қамтамасыз етілген отбасы, көпбалалы отбасы және жартылай жетім оқушылардың үйлеріне тұрғын жай актісін жүргізу. | Жылына 2 рет<br>Жылына 1 рет | Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер |
| 6 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды бақылау және әлеуиеттік педагогикалық жұмыстар жүргізу,<br>Аз қамтамасыз етілген оқушылармен әлеуметтік психологиялық диагностикалық жұмыстарын атқару | Қараша | Әлеуметтік педагог Педагог психолог |
| 7 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды<br>Жаңа жылдық шыршаға алып бару және мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру. | Желтоқсан | Сынып жетекшілер |
| 8 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды , аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан балаларды тегін ыстық тамақпен және әлеуметтік көмек көрсету,<br>«Қамқорлық» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. | Қаңтар | Сынып жетекшілер Тәрбие ісі жөн орынбасар Әлеуметтік педагог |
| 9 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың әлеуметтік ортасына зерттеу жұмыстарын жүргізу, | Ақпан | Тәрбие ісі жөн орынбасар Педагог психолог |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қиын және құқық бұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар атқару | | Әлеуметтік педагог |
| 10 | «Мен және Заң» тақырыбы бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен дөңгелек үстел өткізу | Наурыз | Әлеуметтік педагог |
| 11 | Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының бос уақытын қалай өткізетіндігі жөнінде «Менің қызығушылығым» тақырыбында сауалнама жүргізу | Сәуір | Әлеуметтік педагог<br>Педагог психолог |
| 12 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың қамқоршыларымен әңгіме өткізу,есебін алып тұру | Жылына 2 рет | Әлеуметтік педагог |
| 13 | 1-Маусым- Балаларды қорғау күніне байланысты қабырға газетін шығару,мәдени іс-шара ұйымдастыру және оқушыларды қатыстыру<br>Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды жазғы сауықтыру лагерлерімен қамтамасыз ету. | Маусым<br>Шілде | Тәрбие ісі жөн орынбасар<br>Әлеуметтік педагог |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Сапарбеков

**№8 Т.Бегманова атындағы ЖББМ КММ Келес ауданы Абай ауылы, Аққорған елді мекені**

**Қамқоршылық кеңес отырысы**

**(мектеп директорының жарты жылдық есеп беруі)**

2023 жыл 29 желтоқсан

**Хаттама №3**

**Күн тәртібінде:**

1. 2023 -2024 оқу жылының I жартыжылдығында оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы.

**Тыңдалды:**

Отырысты қамқоршылық кеңес төрағасы жүргізді. Отырысқа қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды.

1. Оқу-тәрбие үдерісі - II тоқсан қорытындысы;
2. Тәрбие бағытындағы іс-шаралар;
3. Қамқоршылық кеңестің алдында мектеп директорының өткен жылғы есебін беру;
4. Әр түрлі мәселелер, оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі

Мектеп директоры М.Амирова2023 -2024 оқу жылының I жартыжылдығында оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарға сараптама жасап, есеп берді (баяндама қоса тіркелді).

Ең алғашқы сөзді мектеп директоры Амирова Меруерт Нурмахановна алды. Ол өз сөзінде: Құрметті кеңес мүшелері, 2023 – 2024 жылының I жартыжылдығында оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті. Осы оқу жылы біз үшін табысты, үздік жыл болды деп есептеймін. Әры қарайда келешек ұрпақтың болашағына жауапты сіз бен біз осы істі атқарарда тек аянбай қызмет етіп, бала тәрбиесі мен білімін жетілдіруде күшіміз бірлікте болсын. Балаларыңыздың тәрбиесінде тыс қалмай, мектеппен ылғи да байланыста болсаңыздар демекпін. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып шықты.

**2023 -2024 оқу жылының I жартыжылдығында оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы.**

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа саналы тәрбие сапалы білім беру – мұғалім құзіретіндегі игі іс екендігі ұстаздарға белгілі. Оқушылардың сапалы білім алуына оңтайлы жағдай жасау және рухани бай,физикалық және адамгершілік тұрғыдан жетілген,өзін – өзі дамытуға, тәрбиелеуге бәсекеге қабілетті тұлға

өзін-өзі қалыптастыру қазіргі кезеңде ұстаздардың алдындағы үлкен міндет. Оны жүзеге асыруда ұстаздарымыз жүйелі жұмыстар [illegible]

**Ұжымның 2023/2024 оқу жылындағы жұмысының мақсаты:**

Оқу – оқытудың негізгі шарттарын оқу процесіне енгізу, білім алушылардың оқуға білімге деген қызығушылығын арттыру арқылы нәтижеге қол жеткізу

**Негізгі міндеттері:**

1. Оқу мен оқытуда жаңа әдіс – тәсілдер арқылы оқушылар мен мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту.

2. Өзін – өзі басқару орталығының жұмысын жандандыру.

3. Білім алушылардың жүйелі түрде кітап оқуына басшылық жасау.

4. 2023/2024оқу жылына арналған мектептің оқу жұмыс бағдарламасымен;

5. 2023/2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен.

6 Білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық деңгейін дамыту.

7.Оқушылармен жұмысты дұрыс жолға қою арқылы нәтижеге жету.

8.Мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті мен компьютерлік сауаттылығын жоғарылату.

**Сандық-сапалық құрам бойынша**

2023-2024 оқу жылында мектеп педагогтерінің саны 134 адамды құрайды. Мұғалімдердің біліктілігі бойынша: Педагог-модератор-33 (24,6%), Педагог-сарапшы-44 (32,8%), Педагог-зерттеуші-26 (19,4%), шебер -1 (0,8%), Санатсыз-30(22,4%).

Мұғалімдер өз пәні бойынша білім жетілдіру курсынан толықтай өтті.

Биылғы оқу жылындағы білім беру процесінің тұлғалық өсуі және шығармашылық жұмысы нәтижесінде төмендегідей білім сапасын көрсетті.

**Білім сапасы - 37,68%**

Жалпы оқушылар саны – 1133.

Мад тобы - 18

Бастауыш -519, орта - 498

Жоғары – 116

Педагогикалық тәжірибені жалпылау,тарату және тереңдету үшін мұғалімдер өз еңбектерімен, тәжірибесімен бөлісіп түрлі жарыстарға,қашықтық олимпиадаларға қатысып,нәтижесінде жүлделі орындарға ие болды.

Мұғалімдер арасындағы конкурстар

Атап айтқанда мұғалімдер арасында ауданымызда өткізілген «Педагогикалық идеялар» байқауынан Аленова Гүлімхан апай қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жеңімпаз болып табылса, орыс тілінен Жоракулова Альфия, ағылшын тілінен Жумабекова Нурсауле II орындарға ие болды. Облыстық кезеңге қазақ тілі мен әдебиетінен Аленова Гүлімхан апаймыз қатысып жүлделі III орыннан көрінді. Бастауыш сыныптар бойынша облыстық кезеңде Тоқболатова Жанат II орын, бастауыш сыныптардың өзбек тілінен Таланова Нозбахар, Кадырова Азиза апайларымыз III орындарды иеленді.

Дустанова Робия апайымыз Тілдер мерекесі қарсаңында Алматы қаласында, Халықтар достығы сарайында М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай ұйымдастырылған байқауда М.Жұмабаевтың өлеңдерін өзбек тілі аударып, М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл медалін иеленді.

**«Ыбырай жазулары»** байқауының аудандық кезеңінде Тажиева Феруза қазақ тілі пәнінен, Ергешова Наргиза бастауыш сыныптар бойынша 1 иеленіп, нәтижесінде облыстық кезеңде Ергешова Наргиза облыстық **Алғыс хатқа** ие болды.

**Олимпиада мен конкурстар**

Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында түрлі байқауларға қатысып,нәтижесінде жүлделі орындарға ие болды.

9-11 сыныптар арасында Республикалық пән олимпиадасының аудандық кіші іріктеуіне 12 пәннен 36 оқушы қатысып, аудандық кезеңге 9 оқушы іріктеліп өтті. Нәтижесінде 4 оқушының, біреуі аудандық кезеңде география пәнінен III орын иеленсе, облыстық кезеңге өзбек тілі бойынша 3 оқушы жолдама алды.

Ауыл олимпиадасына мектебімізден аудандық кезеңге 9 қатысып, облыстық кезеңге 3 оқушы өтті, 1 оқушы облыстық кезеңде 1 орынға ие болды.

2023-2024 оқу жылының тәрбие жоспары Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы киелі Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: **«Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»**- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. **«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы

бағытта мектебімізде **«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» -** жүзеге асырысу мақсатында **кешенді жоспар жасап бекітілді.**

**Жалпы сынып комплектісі- 54 сынып.** Жыл басында сынып жетекшілер тағайындалып, оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жинақталып, тәрбие жоспарының басты бағыттары белгіленді.

**Мақсаты:** Ұлттық құндылықтарды қастерлей білетін, дені сау,білімді ұрпақ тәрбиелеу

**Міндеттері:**

Қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат болып қалыптасуына ықпал ету.

Тұлғаның рухани- адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету.

Ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, дәстүрлер мен ана тілін құрметтеуіне ықпал ету.

Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналармен ағарту жұмысын,бала тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттыруға ықпал ету. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

**Тәрбие саласы бойынша**

Облыстық өнер байқауына мектебімізден мұғалімдер мен оқушылардан құралған **«Ғанибет»** тобы облыс орталығы Түркістан қаласының Farab кітапханасында өткен **«Ата-баба дәстүрі тәрбиенің бастауы» байқауда** өнер көрсетіп **«Ақсақалдардың ақ тілегі»** ынталандыру дипломы мен 60 мың теңгелік қаржылай марапат иеленді.

Алғашқы әскери дене тәрбиесі бойынша мектебіміздің 10 сынып оқушылары Түркістан қаласына **«Жас сарбаз»** қозғалысы патриоттық тәрбие бойынша облыстық **Алғыс хатты** иеленді.

Қазіргі таңда 2023-2024 оқу жылының бастамасы «Мектепке жол акциясы» жобасымен басталды. Ауылдың азаматтары, кәсіпкер демеушілер оқу жылының басында 12 баланың мектеп формалары, оқу құрал саймандарымен толықтай қамтамасыз етті.

1-қыркүйек «Білім күні» мерекесіне арналған «Мектебім –мейірім мекені» атты үлкен көлемде іс-шара өтті.

8-қыркүйек. Республикалық бірыңғай «Дене сергіту» жаттығу челенджі өткізілді

«Жер- 2023» Республикалық командалық штабтық оқу жаттығуы. 11-қыркүйек сағат 10:00 де мектепішілік «Баршаның назарына» құлақтандыру дабылы іске қосылып, мектеп бойынша жаппыға бірдей сейсмо жаттығу өткізілді. Аудан прокуратурасының ұйымдастыруымен оқушыларға Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жиын өтті.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналар жиналысы өтті.

**Мектептің психологиялық қызмет бағыты бойынша**

«Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларына психологиялық түсіндірме жұмыстары өтті. Сынымен қатар ата-аналар жиналысы өтті. «Өзін өзі басқару» ұйымының Мектеп Парламенті Президентін сайлауы өтті. Қыркүйек айында 1-5 сыныптарға бейімділігін анықтау тесті алынып, түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек-қазан айлары аралығында Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «БЕСТЕРЕК» жобасы бойынша диагностикалық тестер алынып, қорытындысы жасалынып, есебі ауданға мәлімет берілді, облыс базасына салынды. Шыққан жоғарғы қадағалау тобындағы оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуде.

08.11- 13.11. 2023 жылы күндер аралығында оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары Эсселер мына тақырыптарда алынды:

«Өзіңді мақта» /5 сынып/

«Менің армандарым»

/6 сынып/

«Менің өмірім» /7 сынып/

«Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/

«Мен өзгерткім келеді»

/9 сынып/

«Мен таңдаған өмір»

/10 сынып/

«Болашаққа хат» /11 сынып/

12.10.2023 жылы күні Э.Г.Эйдемилер және В.Юстицкийдің «Отбасындағы қобалжуын анықтау» тесті алынды.

13.10.2023 жылы күні оқушылар арасында өз орнын анықтау және ортаға бейімділігін арттыру мақсатында «Мен өзімді мақтай аламын» атты тренингі жүргізілді.

16.10.2023 жылы күні « Пікірталас – жанжал емес» 6 сыныптармен тренинг, ойын-жаттығулар жүргізілді.

17.10.2023жылы күні «Балалар үшін бірігейік» 5-11 сынып жетекшілері мен ата – аналарын ақпараттандыру (жиналыс)

Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізу. 5-11 сынып

17.10.2023 жылы күні «Адамдармен агин» проектиті әдісі Д.Лампен, Л.П.Пономоренконың алынды.

Әр айда қыздар, ұлдар, жалпы оқушыларды кезеңге бөліп жиналыстар жүргізілуде.

23.10.2023 жылы күні құшылар арасындағы түсінбеушіліктің алдын алу және жағымды қарым-қатынас орнату мақсатында «Ашу – ыза билегенде не істеу керек?» атты тренингі 10-11 сыныптарымен жүргізілді.

«Зорлық зомбылыққа қарсы 16-күн» жоспары бойынша флешмобтар және креативті іс-шаралар өтті.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында**

«Күнде жалықпаймыз кітап оқимыз» марафоны, челендж, жылдам оқу сайысы, **Bookcrossing** атты акция ұйымдастырылды.

**«Кітапхан»** жобасы бойынша облыстық жобаға қатысып 8 «а» сынып оқушысы Әбдімәлік Бейбарыс 1 орын мен 10 мың теңгенің сертификатын жеңіп алып, келесі кезеңге жолдама алды.

Сонымен қоса мектепішілік **«Оқуға құштар жанмын»** деген тақырыпта ұсынылған 20 кітапты оқып, берілген сұрақтарға жауап үздік оқырманға мамыр айында жылды қорытындылап мектептің әкімшілігінің демеушілігімен ұялы телефон сыйға берілетін болады. Қазіргі таңда осы жоба бойынша жұмыс қарқынды жүруде.

**Әлеуметтік сала бағыты бойынша:**

Биылғы жыл жаңалығы бастауыш сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету болды деуге болады. 1-4 сыныпта оқитын 519 бала, әлеуметтік жағдайына қарай жалпы 31 бала бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Үйде оқитын 6 оқушыға мектеп тарапынан оқуға керекті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілді. Тұрмысы өте төмен 9 отбасына жеке кәсіпкер тарапынан қыстық күртеше мен аяқ киімдермен қамтамасыз етілді.

Сапалы оқыту және өздігінен оқып, білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Сондықтан оқу-әдістемелік жүйесін дамыту қашан да өзекті мәселе.а аудан бойынша

тасымалданып оқитын балалар саны бойынша көш басында тұрмыз. Сондықтан мектебімізге заманауи жаңа автобустары қажет-ақ еді. Осы мақсатта мектебімізге бөлім тарапынан 4 жаңа автобус беріліп, 20 орындық 2 автобус 38 орындық 2 автобуспен 565 оқушы сабаққа өз уақытында тасымал жасалуда. Жаңа автобустар қауіпсіздік белдіктерімен, мектеп сөмкесіне арналған сөрелермен, есіктері ашық кезде қозғалысты тежейтін механизммен және тағы да басқа қауіпсіздік құралдарымен жабдықталған. Мектебімізге турникет орнатылып, сондай-ақ мектепке қосымша 16 бейнебақылау камераларымен жабдықталды. Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында, мектепке өрт дабыл түймешесі орнатылды.

**2023 жылы камқоршылық кеңес тарапынан қаржы бөлініп, төмендегі іс-әрекеттер орындалды.**

«Ішкі үйлесімділік – көңіл күйдің бақшасы» атты іс-шара жоспары бойынша **«Біздің үй»** бағдарламасы ретінде ата-аналар жиналысы өтті. Қамқоршылық кеңесі тарапынан оқушылардың жүретін жолына тас төгіліп, оқушылардың жүргінші жолдары тегістелді.

| № | Атқарылған жұмыстар | данасы | бағасы | Жалпы соммасы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Мектепке жол акциясы»аясында үйде оқитын 2оқушыға мектепке қажет жабдықтар | 2 комп | 15000тг | 30000тг |
| 2 | Мектеп ішкі дәліздерінде күйген лампаларды ауыстыру | 8дана флафон | 5500тг | 44000тг |
| 3 | Мектеп сыртқы ауласын қосымша жарықтандыруға | 3 дана прожектор | 22000тг | 66000тг |
| 4 | Мектеп сыртқы ауласын қосымша жарықтандыруға | 2 дана жарық шамы | 10000тг | 20000тг |
| 5 | Мектеп әжетханасын тазалау | 2 рет | 70000тг | 140000т |
| 6 | Мектеп кіреберісіне, жолдың екі жанына тас төсету | 1 машина тас | 80000тг | 80000тг |
| 7 | Мектеп автотұрағының орнын сүріп, тегістету | 1 мото\сағат | 12000тг | 12000тг |
| 8 | Мектеп ауласына қосымша бейнекамера орнату | 1 дана | 9500тг | 9500тг |
| 9 | Мектеп бейнекамерасының қатқыл дискін алмастыру | 1 дана | 71000тг | 71000тг |

| | Жалпы соммасы | | | 472500тг |
|---|---|---|---|---|

**Шешім қабылданды:**

1. 2023 -2024 оқу жылының I жартыжылдығында оқу-тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы және оқушылардың жетістіктері қанағаттандырарлық деп табылсын.
2. Оқу-тәрбие үдерісінде білім сапасын көтеру мақсатында қосымша сабақтар ұйымдастырылсын, оқуда жетістік көрсеткен оқушылар мен жетекшілері марапатталсын.
3. Тәрбие бағытында ұйымдастырылған іс-шараларға ата-аналар тарапынан қолдау көрсетілсін, белсенділік танытылсын.
4. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі әкімшілік тарапынан бақылауға алынсын.

**Төраға:** **Б.Мархабай**
**Хатшы:** **Ф.Тажиева**

Хаттамамен таныстым

1. Ж.Смайлов
2. Т.Коштаев
3. Н. Артыков
4. Ж.Оразбаева
5. К. Селтаев
6. З.Смаилов
7. Н.Тагабаев
8. Ж.Усмаов

“№8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі”
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қамқоршылық кеңесі мен мектеп әкімшілігінің бірлескен жиналысының
хаттамасы

№4 06.01.2023 жыл

**Қатысқандар: 14**

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп әкімшілігінің қамқоршылық кеңесіне 2022 жылда атқарған жұмысының есебі
2. Кезектегі мәселе

№8 Т. Бегманова мектебінде мектеп әкімшілігімен қамқоршылық мүшелері бас қосты. Қамқоршылық мүшелерімен таныстырып, 2022 жылда атқарылған жұмыстарының есебін берді. Адами әлеуетті дамыту бөлімінің қамқоршылық кеңесінің жауапты маманы кураторы Есболова Айжан апай сөз бастады. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің атқаратын жұмыстары мен міндеттері, олардың көп істерге араласып, өз ойларын, ұсыныстарын айтуға мүмкіндіктері бар екенін атап өтті.

Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Сапарбеков ағай: 2022 жылы мектепте лампа ауыстыру, қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің ұйымдастыруымен 2 оқушыны мектеп формасын алып берді. Сонымен қатар мектептегі автотұрақ мәселесі мен сыртқы алаң туралы айтып өтті.

Ауыл биі Смайлов Жұмағали ағай сөз сөйледі. Қамқоршылық қоры туралы өз пікірін білдірді. 2022 жыл аудан әкімі А. Есбаев тікелей байланыста болып, жарықтандыру жол мәселесі бойынша қағаз жүзінде шығып отырғаны 2023 жыл осы мәселелер қолға алыну туралы айтылд. Ауыл биінің көмекшілерімен атқарылатын іс-шара жоспарларын түзгенін атап өтті.

Арасында Есболова Айжан апай ауыл тұрғындарының қамқоршылық кеңесінің атқарған іс-шараларына өз алғысын білдірді.

Ауданның кәсіподақ комитетінің төрағасы, қамқоршылық кеңесінің мүшесі Н. Артықов өз кезегінде мектепке қолдан келгенше көмек беретінін айтып өтті.

Жиналыс соңында Н. Сапарбеков ағай қортындылады. Ауылдың беделді адамдарын нағыз жанашыр азаматтарынан жасақталған қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің атқарған жұмыстарына алғыс айтты.

**Ұсыныс:**

1. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамын түгел бір-бірімен таныстырып тізімін берілсе
2. Күнделікті асханадан тегін тамақ ішетін балаларды қандай тамақ жеп жүргенін қамқоршылық мүшелердің ішінен арнайы адам тағайындап, бекітілсе
3. Мектепке кіретін жолды лайдан тазартылса
4. Әр тоқсанда бір рет бас қосылса

**Қаулы:**

1. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің құрамының тізімі берілсін.
2. Күнделікті асханадан тегін тамақ ішетін балаларды қандай тамақ жеп жүргенін қамқоршылық мүшелердің ішінен арнайы бір мүшесі тағайындалсын.
3. Әр тоқсанда бір рет бас қосылуын қолға алынсын.

Жиналыс төрағасы: Н. Сапарбеков
Хатшы Ф. Тажиева

# Баяндама

ҚР. Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №335 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы бұйрығының талаптарын орындау мақсатында мектепшілік қамқоршылық кеңесі құрылды.

Келес ауданы адами әлеуеті дамыту бөлім басшысының 29.04.2022 жылғы №614 бұйрығын орындау мақсатында қамқоршылық кеңесі құрамы қайта жасақталды.

| № | Аты-жөні | Қамқоршылық кеңес мүшесінің жұмыс орны |
|---|---|---|
| 1 | Б.Мархабай | Біртілек а\о «Жастар» ісі бойынша бас маман |
| 2 | Ж. Смаилов | Ауыл биі |
| 3 | А.Амиров | Учаскелік полиция өкілі(аға лейтенант) |
| 4 | Н.Артыков | Кәсіподақ комитет мүшесі |
| 5 | Ж. Оразбаева | Мектеп мұғалімі (Математика пән мұғалімі) |
| 6 | К.Селтаев | Жеке кәсіпкер |
| 7 | З.Смаилов | Жеке кәсіпкер |
| 8 | Н.Тагабаев | Жеке кәсіпкер |
| 9 | Ж.Усманов | Жеке кәсіпкер |
| 10 | Ф. Тажиева | Хатшы (қазақ-тілі,әдебиет пән мұғалімі) |

Негізі: 2022 жыл 29 сәуірдегі Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің Келес келбеті газетіне хабарландыру жарияланды

2022 жылғы қамқоршылық кеңесіне мектеп әкімшілігінің атқарылған жұмыстардың есебі төмендегідей:

| № | Атқарылған жұмыстар | Бағасы | Дана | Жалпы соммасы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектеп коридорларына жарық орналастыру.(флафон) | 2000 т | 11 | 22 000 т |
| 2 | Лампа | 650 т | 11 | 7150 т |
| 3 | “Мектепке жол” акциясы аясында екі оқушыға | 35000 т | 2 оқушы | 70 000 т |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мектеп формасымен қамтамасыз ету | | | |
| 4 | Мектеп ауласындағы автотұрақ орнын қоршауға:<br>1. Сетка<br>2. Баған (стойка) | 45000 т<br>650 т | 50 м (1 орам)<br>48 м | 45 000 т<br>32 640 т |
| 5 | Сыртқы дәретхананы тазалау. | 60 000т | 2 рет | 120 000 т |
| | Жалпы соммасы | | | 296 790 т |

Қамқоршылық кеңес және ауыл адамдарының көмегімен мектек алды, кіреберіске тас төселді



